

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Талас ауданының білім
бөлімінің «Дәния» бөбекжай бақшасы» мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорын

"Тәуелсіздік тұғырым!"

«Балапан» ортаңғы топ

Тәрбиешілер: Ж. Жұмағұлова
Ә. Жаназарова

Талапты ауылы
2024-2025 оқу жылы

Тексерілді:

Әдіскер А Наденова

«Тәуелсіздік тұғырым!»

Мақсаты: Балаларға қазақ елі, Отан, сарбаз туралы түсінік беру. Туған жерін сүйуге және қорғауға баулу.

Көрнекіліктері: Қазақстан Республикасының картасының суреті, ту, буклет.
(«Рух» әні қойылады Сарбаз кіреді)

—Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен Қазақстан Республикасының азаматы, елімді қорғауға, сыйлауға ант етемін!

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны.
(Балалар орындарынан тұрып әнұранды айтады.

Кіріспе әңгіме

— Балалар, біздің Республикамыз қалай аталады?

— Бас қаламыз қай қала?

—Біздің президентіміз – Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев. Әрбір республиканың өз ерекшелігін білдіретін әнұраны, туы, елтаңбасы болады. Біз мемлекетімізді жүрегімізбен жақсы көреміз.

Тудың түсі — көк, тудың сол жақ жиегі қазақ халқының оюымен өрнектелген. Тудың ортасында сары түсті шұғылалы алтын күн. Алтын түспен сары түс байлықты, молшылықты білдіреді. Күннің астында бүркіт, қыран құс — еркіндік, бірліктің белгісі.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы – дөңгелек нысанды және көгілдір түс аясындағы шаңырақ түрінде бейнеленген, шаңырақты айнала күн сәулесіндей тарап уықтар шаншылған. Шаңырақтың оң жағы мен сол жағында аңыздардағы қанатты пырақтар бейнесі орналастырылған. Жоғарғы бөлігінде – бес бұрышты көлемді жұлдыз, ал төменгі бөлігінде «Қазақстан» деген жазу бар.

СЕРГІТУ СӘТІ:

Бір шаңырақ астында,
Тату-тәтті тұрамыз.
Бірге ішеміз асты да,
Бірге сайран құрамыз.
Достықты үлгі санаған,
Бір үйде біз тұрамыз.
Қалған ата-бабадан.,
Бірлік асыл мұрамыз!

— Балалар, олай болса орталыққа барып жұмыс жасап көрейік.

(су құйылған стакандарға көк бояуды қыл қаламмен салып араластырады, су көк түске айналып тудың бейнесі шығады)

Қорытынды:

«Ыстық доп» әдісі.

— Бүгінгі оқу іс әрекеті ұнады ма?

— Тудың түсі қандай?

— Туымызда ненің суреті бейнеленген?

Ой, жарайсындар! Енді сарбазға сау бол дейміз!

Құттықтау сөз балабақша меңгерушісі Айжарыкова Баян апкиге беріледі.





